№ _____ ШАРТ

АҚЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР (КӨМЕК) КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Алматы қ. «____» _____ 2023 жыл

Азамат(ша) _____, Т.А.Ә., ЖСН _____, жеке куәлігі № _____, Қазақстан Республикасының ІІМ берген «____» _____ _____ жылы; сенімхат бойынша өкіл, оның ішінде бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың тиісті мекеме басшылары куәландырған сенімхат бойынша өкілі немесе тергеу изоляторларындағы адамдардың тиісті мекеме басшылары куәландырған сенімхат бойынша өкілі _____, Т.А.Ә., ЖСН _____, жеке куәлігі № _____, ҚР ІІМ берген «____» _____ _____ жылы, сенімхат № _____, берілген күні «____» _____ _____ жыл, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, бір тараптан,

және «Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (заңды атауы: ТОО «Казахский ордена «Знак Почета» научно-исследовательский институт глазных болезней»), Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Нэйля Ахметқызы Алдашева атынан, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталады, екінші тараптан, бірге «Тараптар» деп аталып, осы ақылы медициналық қызметтер (көмек) көрсету туралы Шартты төмендегідей жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы осы Шарттың №1 қосымшасына сәйкес _____ (операция/манипуляция/рәсім) ақылы медициналық қызметтерін (көмегін) жалпы _____ (_____) теңге, ҚҚС-ты есепке алмағанда, көрсетеді.

1.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге медициналық қызметтерді (көмекті) «___» _____ 2023 жылдан «___» _____ 2023 жылға дейінгі мерзімде көрсетеді.

1.3. Тапсырыс беруші көрсетілген медициналық қызметтер (көмек) үшін төлемді осы Шарттың 2.1-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

2. Төлем тәртібі

2.1. Тапсырыс беруші қолданыстағы Прейскурантқа сәйкес осы Шарттың 1.1-тармағында белгіленген медициналық қызметтердің (көмектің) құнын 100% алдын ала төлейді.

2.2. Ақылы медициналық қызметтерді (көмекті) көрсету кезінде Шартта көзделмеген қосымша ақылы медициналық қызметтер (көмек) қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің келісімімен нақты көрсетілген медициналық қызметтер (көмек) көлемін ескере отырып, Шарт сомасына түзету енгізеді. Қосымша сома және оны төлеу тәсілі Тапсырыс берушімен келісіледі және Шартқа қосымша келісім түрінде ресімделеді.

2.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төлем фактісін растайтын құжаттарды береді.

2.4. Қызмет мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт талаптарын бұзған жағдайларды қоспағанда, Орындаушы Тапсырыс берушіге төленген сома мен нақты көрсетілген медициналық қызметтің (көмектің) құны арасындағы айырманы қайтарады.

3. Тараптардың міндеттері

3.1. Орындаушы міндетті:

3.1.1. Медициналық көрсетілімдер бойынша ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес, ал тиісті нозологиялар бойынша клиникалық хаттамалар болмаған жағдайда, жалпы қабылданған тәсілдерге және дәлелді медицина негіздеріне сәйкес медициналық қызметтер (көмек) көрсетуді қамтамасыз етуге.

3.1.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген медициналық қызметтердің (көмектің) нәтижелеріне барынша қанағаттануын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға.

3.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілген медициналық қызметтердің (көмектің) түрлері мен көлемі көрсетілген құжаттарды, консультациялық қорытындыны/ауру тарихынан үзіндіні, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленген мерзімде ресімделген шот-фактураны беруге.

3.1.4. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 273-бабына сәйкес медицина қызметкерінің құпиясын сақтауға.

3.1.5. Пациенттерді тек алдын ала жазылу бойынша қабылдауға.

3.2. Тапсырыс беруші міндетті:

3.2.1. Орындаушы белгілеген жұмыс тәртібі мен режимін айқындайтын ережелерді сақтауға.

3.2.2. Шарт бойынша медициналық қызметті (көмекті) алу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға.

3.2.3. Медициналық қызметтен (көмектен) немесе оның бір бөлігінен бас тартатыны туралы Орындаушыны Шартта белгіленген қызмет көрсету күніне дейін кемінде бір күн бұрын хабардар етуге.

3.2.4. Медициналық қызметтер (көмек) үшін Орындаушыға 100% алдын ала төлем жасауға.

3.2.5. Қызметтер басталғанға дейін Орындаушыға оларды көрсету үшін қажетті барлық мәліметтерді, оның ішінде қабылдайтын дәрілік препараттар және қызмет көрсетуге немесе нәтижесіне әсер етуі мүмкін жеке ерекшеліктер туралы хабарлауға, сондай-ақ қызмет көрсетуге байланысты Орындаушының барлық нұсқауларын мүлтіксіз орындауға.

3.2.6. Жеке басын куәландыратын құжатты (жеке куәлік, паспорт, тұруға ықтиярхат, туу туралы куәлік және т.б.) ұсынуға және ондағы мәліметтердің өзінің нақты деректеріне сәйкестігі үшін жеке жауапкершілік көтеруге.

3.2.7. Орындаушының мүлкіне ұқыпты қарауға.

3.2.8. Үшінші тұлғалардың (Орындаушы пациенттерінің) құқықтарын бұзатын әрекеттер жасамауға.

3.2.9. Орындаушының ұсынымдарын орындауға.

3.2.10. Орындаушының медициналық ұйымында агрессивті, адекватты емес күйде, алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаң күйде болмауға.

3.2.11. Әдеп нормаларын сақтауға, медициналық персоналға балағат сөздер айту, әдепсіз қимылдарды (белгілерді) немесе заттарды көрсету, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары немесе телекоммуникация желілері арқылы, орынсыз мінез-құлық таныту және қорлап тиісе сөйлеу түріндегі құрметсіздікке жол бермеуге.

3.2.12. Дәрігердің кабинетіне тек оның шақыруымен кіруге. Дәрігер қабылдау жүргізіп жатқан кезде шақырусыз кіруге тыйым салынады.

3.2.13. Жеке гигиена ережелерін сақтауға.

3.2.14. Эпидемиялар (ЖРВИ және т.б.) кезінде әлеуметтік қашықтықты сақтауға, респираторлық инфекциялардан қорғануға арналған дәке немесе өзге маскалар сияқты жеке қорғаныш құралдарын пайдалануға.

3.2.15. Әрбір инвазиялық араласу алдында мәтінімен танысып, ақпараттандырылған келісімге қол қоюға.

3.2.16. Тапсырыс беруші және оны ертіп жүретін адамдар Орындаушының объектілеріне барған кезде мүлікке ұқыпты қарауға тиіс. Мүлікке залал (жою, бүлдіру, зақымдау және т.б.) келтірілген жағдайда кінәлі адам талап қойылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде залалды ерікті түрде өтейді; әйтпесе әкімшілік оны заңда белгіленген тәртіппен өндіріп алуға құқылы.

3.2.17. Осы Шарт қолданылатын кезеңде өз бетінше емделмеуге, емшілердің, дәстүрлі емес медицина дәрігерлерінің, сондай-ақ басқа медициналық ұйымдар дәрігерлерінің ұсынымдарын өз дәрігерімен алдын ала келіспей орындамауға және олардан ем қабылдамауға.

3.2.18. Көрсетілген қызметтердің нәтижесін қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер туралы Орындаушыға дереу хабарлауға. Егер Тапсырыс беруші нәтижені қабылдау кезінде ешқандай қарсылық білдірмесе немесе қызметтер аяқталғаннан кейін дәлелсіз себептермен нәтижені қабылдамаса, қызметтер көрсетілген және

олардың нәтижесі ескертусіз қабылданған болып есептеледі.

3.2.19. Қызметтер аяқталғанға дейін олардан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушының хабарлама алынған сәтке дейін нақты жұмсаған шығындарын, оның ішінде пайдаланылған ресурстарды, реагенттерді, дәрілік заттарды, шығыс материалдарын және басқаларын төлеуге міндетті. Қызмет аяқталғаннан кейін одан бас тарту Тараптардың келісімімен немесе тиісті сараптамамен белгіленген дәлелді себептер болған кезде жүзеге асырылады.

4. Тараптардың құқықтары

4.1. Тапсырыс берушінің құқықтары:

4.1.1. Ақылы медициналық қызметтер (көмек) көрсететін дәрігерлер арасынан емдеуші дәрігерді таңдауға.

4.1.2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-230/2020 бұйрығына («Медициналық қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы», нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21727 болып тіркелген) сәйкес жүргізілген емдеу сапасы мен дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жасатуға.

4.1.3. Орындаушының қызметіне араласпай, өзі үшін көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын кез келген уақытта тексеруге бастамашылық жасауға.

4.1.4. Өз денсаулығының жай-күйі, ұсынылған диагностика және емдеу әдістері туралы бұрынғы түсіндірмелер түсініксіз болған жағдайда қосымша түсініктеме талап етуге.

4.2. Орындаушының құқықтары:

4.2.1. Тапсырыс беруші осы Шартта белгіленген ережелерді бұзған жағдайда емдеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға.

4.2.2. Қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге.

4.2.3. Орындаушыға байланысты емес жағдайларда, соның ішінде күмәнді зертханалық нәтижелерге немесе үшінші тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) байланысты қызмет көрсету мерзімін біржақты ұлғайтуға.

4.2.4. Төмендегі жағдайларда Тапсырыс берушінің залалын өтемей, қызмет көрсетуден біржақты бас тартуға және Шарт тоқтатылған сәтке дейін нақты көрсетілген қызметтер үшін төлем талап етуге:

4.2.4.1. Тапсырыс берушінің қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын сақтамауы, оның ішінде қызмет көрсетудің мүмкін болмауына әкелуі.

4.2.4.2. Тапсырыс берушіде емдеу-профилактикалық шараларға қарсы көрсетілімдер анықталуы.

4.2.4.3. Тапсырыс берушінің Орындаушы ұсынымдарын сақтамауы.

4.2.4.4. Қызметтің нақты түрі үшін қажетті құжаттарға немесе ерікті ақпараттандырылған келісімге қол қоюдан бас тартуы.

4.2.4.5. Қызметтерді қауіпсіз көрсету мүмкін болмауы.

4.2.4.6. Қызметтер Тапсырыс берушіге қолайсыз салдар туғызуы мүмкін болуы.

4.2.4.7. Тапсырыс берушінің Шарт талаптарын орындаудан және/немесе қызмет алудан бас тартуы.

4.2.4.8. Тапсырыс берушінің агрессивті, адекватты емес немесе алкогольдік, есірткілік және өзге масаң күйде болуы.

4.2.4.9. Тапсырыс берушінің әдеп нормаларын сақтамауы.

4.2.5. Орындаушы қызмет көрсетуден біржақты бас тартқан немесе Тапсырыс беруші Шартта белгіленген нормаларды орындаудан не қызмет алудан бас тартқан жағдайда, Орындаушы қайтарылуға тиіс төленген қаражаттан нақты жұмсалған шығындарын ұстап қалуға құқылы.

4.2.6. Осы Шарттың 4.2.4.3, 4.2.4.7, 4.2.4.8 және 4.2.4.9-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша Орындаушы қызмет көрсетуден біржақты бас тартқан жағдайда, ол қайтарылуға жататын қаражаттан нақты жұмсалған шығындарын ұстап қалуға құқылы.

4.2.7. Тапсырыс беруші медициналық персоналдың нұсқауларын, ұсынымдарын және тағайындауларын бұзған жағдайда, егер медициналық қызметтерді тоқтату Тапсырыс берушінің өміріне және айналасындағылардың денсаулығына қауіп төндірмесе, Орындаушы бұзушылық анықталған сәттен бастап Шарттан бас тартуға құқылы. Бұл ретте нақты көрсетілген қызметтердің құны қайтарылмайды, ал Орындаушы Тапсырыс берушінің денсаулығының ықтимал нашарлауы үшін жауап бермейді.

4.2.8. Осы Шартта баяндалған мінез-құлық ережелері сақталмаған жағдайда Орындаушы персоналы Тапсырыс берушіге қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

4.2.9. Тапсырыс беруші алдын ала жазылу туралы талаптарды орындағанға дейін Орындаушы қандай да бір айыппұл санкцияларынсыз қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Орындаушы ақылы медициналық қызметтерді көрсету кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін жауапты болады:

5.1.1. Медициналық қызметтерді тиісті емес көлемде және сапада көрсету.

5.1.2. Бір медициналық қызмет үшін екі рет төлем алу (Тапсырыс беруші мен бюджет қаражаты есебінен).

5.2. Осы Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5.3. Тапсырыс беруші Орындаушының нақты көрсетілген медициналық қызметтерге (көмекке) жұмсаған шығындарын уақытылы өтемегені үшін жауапты болады.

5.4. Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.5. Тапсырыс беруші осы Шарттың 2-бабының 2.1-тармағын бұзған жағдайда, Орындаушы әрбір кешіктірілген күн үшін Шарт сомасының 0,5%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайды.

5.6. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

6. Форс-мажор

6.1. Шарт талаптарын орындамау форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болса, Тараптар жауапкершілік көтермейді.

6.2. Шарттың орындалуының кешігуі форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болса, Орындаушы тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе Шарттың бұзылуына байланысты жауапты болмайды.

6.3. Осы Шарт үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауынан тыс және алдын ала болжанбаған оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға, соның ішінде, әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар жатады.

6.4. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде Орындаушы бір немесе одан да көп жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге не оның сенімхат бойынша өкіліне мән-жайлар мен себептері туралы дереу хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден немесе оның өкілінен өзге жазбаша нұсқау келмесе, Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін орынды болған шамада орындауды жалғастырады және форс-мажорға тәуелсіз балама орындау тәсілдерін іздейді.

7. Шартты өзгерту және бұзу

7.1. Осы Шарттың талаптары Тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

7.2. Шартты мерзімінен бұрын бұзу ниеті туралы Тараптар бір-бірін кемінде үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

7.3. Осы Шартты бұзуға Тараптардың келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша сот шешімімен жол беріледі.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруге құқылы емес.

8.2. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және мерзімінен бұрын тоқтатылуын қоспағанда, барлық міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

8.3. Осы Шарт заңдық күші бірдей екі данада жасалды: бір данасы Тапсырыс берушіде немесе оның сенімхат бойынша өкілінде, екіншісі Орындаушыда болады. Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қағаз немесе электрондық түрде жасалуы мүмкін.

8.4. Осы Шарт талаптарын орындауға байланысты Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы барлық даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі.

8.5. Осы Шартта көзделмеген барлық мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

9. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ОРЫНДАУШЫ

«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (заңды атауы: ТОО «Казахский ордена «Знак Почета» научно-исследовательский институт глазных болезней»)

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 95А

БСН / BIN: 990240009173

Bank RBK АҚ / JSC Bank RBK

ЖСК / Account: KZ8482110W5010000026

БСК / BIC: KINCKZKA; КБе / KBe: 17

Тел. / Tel.: 8 (727) 233 17 86

Тапсырыс берушінің қолы: _____

Бас директор / Н.А. Алдашева: _____

М.О.

Шартқа №1 қосымша

Ақылы медициналық қызметтер (көмек) көрсету туралы № 2023/_____ Шартқа

ҚЫЗМЕТТЕР ТІЗБЕСІ

№	Қызмет коды	Қызметтің атауы	Түрі / бірл.	Саны	Бағасы (теңге)	Сомасы (теңге)
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						

Жалпы сома: _____ теңге.

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ ОРЫНДАУШЫ

«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (заңды атауы: ТОО «Казахский ордена «Знак Почета» научно-исследовательский институт глазных болезней»)

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Төле би көш., 95А

BIN: 990240009173; Bank RBK; KZ8482110W5010000026; BIC KINCKZKA; KBe 17

Tel.: 8 (727) 233 17 86

Тапсырыс берушінің қолы: _____

Бас директор Н.А. Алдашева: _____

М.О.